



Сыр бойы

№100-101 (20976-20977) 5 шілде, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

 www.facebook.com/syrboyi.kz

 www.instagram.com/syrboyi_kz

 t.me/syrboyi_kz

 twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ДОМБЫРА – ҰЛТ БОЛМЫСЫ, ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы Ұлттық домбыра күнімен құттықтады.

—Домбыра—ұлт болмысы, халық қазынасы. «Қазақ – нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Әсіресе, өскелең ұрпақтың домбыраға деген ықыласы ерекше. Жастар төл мәдениетімізді терең түсініп, салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды. Бұл – өте жақсы үрдіс. Өйткені ата-бабаларымыздың

мәдени мұрасын көздің қарашығындай сақтау – нағыз отаншылдықтың көрінісі. Отанға сүйіспеншілік – мемлекеттілігіміздің темірқазығы. Қазақстан жастарының мұны жақсы түсініп, қолдайтынына ризамын. Мемлекет руханият саласын барынша дамыта береді. Дәстүрлі өнердің дүлдүлдері Қайрат

Байбосынов «Қазақстанның Еңбек Ері», Айгүл Үлкенбаева, Айгүл Қосанова «Қазақстанның халық әртісі» атағына ие болды. Қасиетті қара домбыраның күмбірін бүкіл әлемге паш етіп жүрген азаматтарға алғыс айтамын, – деп жазды Президент өзінің X парақшасында.

Айта кетейік, Ұлттық домбыра күні шілде айының алғашқы жексенбісінде аталып өтеді.

/// ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

«ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!»

Қазақ өнерінің көрнекті тұлғасы Ахмет Жұбанов: «Кен даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбысы құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішекте сан ғасырдың сан алуан сипаты, ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі» деген екен.

Президент Жарлығымен елімізде 2018 жылдан бері Ұлттық домбыра күні мерекеленіп келеді. Айта кетейік, бұл мерекені ел тұрғындары ерекше ықыласпен қабылдап, жыл өткен сайын оның қоғамдық сипаты артып келеді. Шындығында, музыка саласында сан түрлі аспаптар болғанымен, біздің халқымыз үшін домбыра мен қобыздың үні ерекше. Өйткені олардың үні сан ғасырдан бері сайын даланың самалымен жетіп, санамызға әбден сіңген болса керек.

4-бет

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОЛАЙЛЫ КЛИМАТ ЭКОНОМИКАНЫ ТІКТЕУГЕ СЕП

Қазақстанда инвестициялық қолайлы ахуал қалыптастыру және ірі халықаралық жобаларды іске асыру жоғары маңызға ие. Соңғы жылдары шетелдік инвестиция тарту бағытында қомақты табысқа қол жеткіздік. Бұл өз кезегінде елдің халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға көмектеседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты. Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек» деп атап өтті.

3-бет



6 шілде – Астана күні. Астана – тәуелсіз еліміздің жүрегі. Биыл қала күні қатарынан 27-рет аталып өткелі отыр әрі мереке ұзағырақ тойланады. Олай дейтініміз, қазақстандықтар үш күн қатарынан демалады. Оған қоса, бас қала күніне орай түрлі мәдени-көпшілік бағдарламалар ұйымдастырылатыны белгілі.

Орайы келіп тұрғанда мерекенің шығу тарихына аз-кем тоқтала кетсек. Бас қаланың Алматыдан көшірілуіне не себеп болды?

Тоқсаныншы жылдардың басында, Қазақстан тәуелсіздік алған кезде ресми астанамыз Алматы болды. Дегенмен уақыт өте келе әкімшілік орталықты ауыстыру керек деген шешім шығарылады. Оның өзіндік себебі бар. Географиялық тұрғыдан алып қарағанда Алматы елдің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Сондықтан бүкіл аймақты басқарып отыру қиын деген бірінші себеп айтылады. Қала сейсмикалық қауіпті аймақта тұр. Оған қоса инфрақұрылымы да күрделі еді. Содан Қазақстанның дәл орталығынан – барлық аймаққа жақын болатындай жаңа, заманауи астана соғу керек деген шешімге келеді. Осылайша Ақмола астана болды.

1994 жылдың 6 шілдесінде ел астанасын Ақмолаға көшіру туралы тарихи шешім қабылданды. Үш жыл бойы көшуге ұлы дайындық жүрді, құрылыс бар, ғимараттарды жанартты, Үкімет ұйымдарын көшірді. Сөйтіп 1997 жылдың 10 желтоқсанында Ақмола ресми түрде Қазақстанның жаңа астанасы деген статуска ие болды.

Ал 1998 жылы Ақмола деген атау Астана болып өзгерді. 1999 жылы ЮНЕСКО осыныша қысқа мерзім ішінде трансформация жасалғанына таңғалып, жаңа астанаға «Әлем қаласы» деген атақ берді. 2000 жылдардың басынан бері Астана Қазақстанның визит картасына айнала бастады. Сәулеті көз сүйсіндіретін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтеріп, халықаралық саммиттер мен

мәдени іс-шаралар өтетін орталыққа айналды.

2008 жылы Президент Жарлығымен 6 шілде – Астана күні деп ресми бекітілді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Астана күні биыл 27-рет аталып түліуде. Осы уақыт аралығында елорданың тарихы, мәдениеті мен өзіндік дәстүрі қалыптасып үлгерді.

Елорда дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырып, еліміздің дамуы мен өркендеуінің жарқын белгісі атанып, бүкіл әлемге танылды.

Астана – әкімшілік және саяси орталық ғана емес, Қазақстанның мәдени өмірі қайнап жатқан руханы жүрегі. Мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтардың қатысуымен ауқымды халықаралық мәдени іс-шаралар, фестивалдер, көрмелер мен концерттер өтеді. Елордада өтіп жатқан халықаралық форумдар мен съездер оның жаһандық диалог пен ынтымақтастықтың маңызды орталығы екенінің айқын дәлелі.

Айтулы күн – елорда тұрғындары үшін ғана емес, әрбір қазақстандық үшін де ерекше мереке. Өйткені Астана – мемлекетіміздің бейбіт әрі сындарлы саясатының, еліміздің қарқынды дамуы мен жарқын болашағының, бүкіл елдің татулығы мен тұтастығының көрінісі. Еліміздің бас шаһары жасанып, жайнай берсін!

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ДИАЛОГ АЛАҒЫНА АЙНАЛАДЫ

Алдағы аптада Қызылорда қаласы еліміздің ұлттық урбанистік диалогының алаңына айналады. Дәл осы күні Қазақстандағы тұңғыш Ұлттық Урбан форум өңірде өтпек. Шараны өткізуде Қызылорда облысының әкімдігіне UN-Habitat, Индустрия және құрылыс, Экология және табиғи ресурстар, Сыртқы істер министрліктері қолдау көрсетіп, серіктес болып отыр.

Форумға мемлекеттік құрылымдар, халықаралық ұйымдар, сарапшылар, бизнес пен азаматтық қоғам өкілдері қатысады.

Басты тақырыбы – «Өңірлерден басталатын кешенді қалалық жаңғыру: Қазақстанда тенгерімді, инклюзивті және климатқа төзімді қалалар қалыптастыру».

Бұл – кең ауқымды, биік мақсаттарды көздейтін күн тәртібі. Форумда климаттық бейімделу, жастардың қатысуы, мәдени мұра, қала мен ауыл арасындағы байланыс, қалалық экономика және урбанистік жобаларды қаржыландыру мәселелері қозғалады.

Биылғы Ұлттық Урбан форумның Қызылордада өтуінде терең мән бар. Өйткені бұл қала бүгінде өңірлік көшбасшылық пен орнықты өзгерістердің символына айналды.

«Қызылорда – Ұлттық күн тәртібінің бір бөлігіне айналып келе жатқан, жерде тенгерімді, инклюзивті әрі климатқа төзімді дамудың жаңа көзқарасы қалыптасуда» дейді ұйымдастырушылар.

Қызылорданың форум алаңы ретінде тандалуы жаңаша пайымдайтын «Қызылорданың форум алаңы ретінде тандалуы жаңаша пайымдайтын» болашағында ірі емес, өңірлік қалалардың орнын жаңаша пайымдайтын кезең келгенін айғақтайды. Форум «Қалалық болашақ өңірлерден басталады» деген ұранмен өтеді. Бұл ұранның да астарында терең мән бар. Тұрақты даму мегаполистермен шектеліп қалмай, бүкіл Қазақстанды қамтуы тиіс деген ойдан туындаған.

Форумда жаңа қалалық күн тәртібі (New Urban Agenda) мен тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) ілгерілету, өңірлік орталықтардың тұрақты дамудағы стратегиялық рөлін арттыру, тұрғын үй, инфрақұрылым және климаттық ерекшелікті ескеретін тәсілдер, қалалық деректерді жинау, цифрландыру бейімділік бойынша шешімдер, қалалық мәселелері талқыланады.

және оны тиімді жоспарлауда пайдалану мәселелері талқыланады. Аталған іс-шара халықаралық сипатқа ие. Қала құрылымы мен инфрақұрылым саласындағы үздік мамандар өздерімен бірге нақты әрі сәтті іске асқан кейстерді ала келеді.

Пленарлық және тақырыптық сессияларда UN-Habitat, БҰҰ ДБ өкілдері, халықаралық сарапшылар, архитекторлар, урбанистер, зерттеушілер және технологиялық компаниялар қызметкерлері өз тәжірибелерін бөліседі.

ТҰРҒЫН ҮЙ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУРАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары қатысты.

Жиында өңірдегі тұрғын үй құрылысының қарқыны, кезекте тұрған азаматтардың жағдайы, тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне тұрғын үй құрылысын бастау үшін қажетті инженерлік инфрақұрылымы дайын жер телімдерін шұғыл түрде ұсынуды тапсырды. Сонымен қатар, әр ауданда қанша үй салынатыны, құрылыс мерзімі мен қаржының тиімді игерілуі нақты көрсетілген жоспар әзірленуі қажет екенін ескертті.

– Тұрғын үй салуға бөлінген қаржыға құрылысты уақытылы бастау, жер телімдерін

анықтап, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет. Жоба-сметалық құжаттамаларды әзірлеп, тиісті мемлекеттік сараптамадан өткізіңіздер. Бөлінген қаржы тиімді әрі мақсатты игерілуі керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыста тұрғын үймен қамту бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. 2023 жылы жергілікті бюджет есебінен 4,1 млрд теңге бөлініп, аудан орталықтарынан 429 пәтер сатып алынып, халыққа табысталды. Өткен жылы 14,7 млрд теңгеге 1015 жаңа пәтер сатып алынып, үй кезегінде тұрған отбасыларға берілді.

Биыл бұл жұмыстар жалғасын тауып, тұрғын үй сатып алуға 43,8 млрд теңге қаржы бөлінді. Оған 2598 пәтер сатып алу жоспарланған. Атап айтқанда, әлеуметтік кредиттік тұрғын үйлерге 10 млрд 002,8 млн теңге қарастырылып, бұл қаржыға Қызылорда қаласынан 610 пәтер сатып алынбақ.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына арналған 1988 пәтерді сатып алуға 33 млрд 833,7 млн теңге бөлінді. Оған Қызылорда қаласынан 1538 пәтер, Арал ауданынан 100 пәтер, Қазалы ауданынан 100 пәтер, Шиелі ауданынан 100 пәтер, Жаңақорған ауданынан 100 пәтер, Қармақшы ауданынан 50 пәтер, яғни аудан орталықтарының өзінен 450 пәтер алынады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// «АУЫЛ АМАНАТЫ»

ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ БАҒДАРЛАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен халықтың табысы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Бұл жоба ел тұрғындарын агробизнеске тарту және ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті қолдауды көздейді.

Бағдарлама 2022 жылдың 26 қарашасындағы ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде іске қосылған. 2022 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасын кеңінен насихаттау жұмыстары белсенді жүргізілді. Жоба ауыл тұрғындарына өз кәсібін ашуға немесе қолданыстағы бизнесті кеңейтуге көмектесуге арналған, бұл ауылдық жерлердегі экономикалық белсенділікті арттырып, ауылдық аймақтардың дамуына елеулі үлес қосады.

Бағдарлама бойынша 2023 жылы өңірге 3 млрд теңге (406 жоба), 2024 жылы 2,5 млрд (376 жоба) қаржы тартылды. Нәтижесінде 2 жылда 1110 жаңа жұмыс орны ашылды. Шағын кәсіпкерлік саны артты. Сондай-ақ 50-ден астам өндірістік кооператив құрылды. Өңдеу саласы бойынша 158 кәсіпорын тұсауын кесіп, 56 жылыжай өндірісі ашылды. Елдегі ағайындар 2,6 мың асылтұқымды мал сатып алды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, мал басына қаралған қаржы жалпы берілген шағын несиеңің 27 пайызды құраған. Басымдық өнім өңдеу, кооперативтерді дамытуға бағытталған. Оған қоса ауыл шаруашылығы емес бизнес жобаларға, оның ішінде өндірістік бағытқа баса назар аударылып отыр.

– Біз әр жобаны іске қосып, өнім шыққанға дейін сүйемелдеп, өткізу мәселесіне де қолдау көрсетудеміз. Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін кепілмен қамтамасыз ету және бизнес ғимаратының құрылысына қатысты мәселе күн тәртібінде болды. Осы ретте жерді өз иігілігіне пайдаланып отырған шаруашылықтар елді мекендерді қолдауды өз міндетіне алды. Осылайша халықтың әл-ауқатын арттыруға атсалысты, – дейді басқарма басшысы Талғат Дүйсебаев.

Осы сөзіміздің айқын дәлелі ретінде Сырдария ауданы «Бесарық» ауылында «Абай Дәулет» ЖШС-ын атап өтуге болады. Серіктестік демеушілігімен шағын өндіріс орталығы (бизнес-инкубатор) жобасы жүзеге асты. Көлемі 1000 шаршы метрден асатын ғимарат салынды. Сол арқылы жалпы құны 318,2 млн теңгені құрайтын 13 жоба іске қосылып, 25 жұмыс орны ашылды.

Бұл тәжірибені кеңінен тарату үшін биыл 14 шағын орталық құру жоспарланған. Сол арқылы 451 млн теңгеге 72 жобаны

іске асыру көзделуде. Қазірге дейін Шиелі және Қазалы аудандарында осындай орталықтар ашылды. Атап айтқанда, Шиелі кентінде 6, Қазалыда 17 жоба жүзеге аспақ.

Биылға 5,5 млрд теңге қаржы қаралып, 815 жобаны іске асыру жоспарлануда. Басымдық өңдеу саласына және кооперативтерге, жеке қосалқы шаруашылықтарды тартуға берілетін болады. Бұл бағытта балық, құс шаруашылығы, егін мен мал шаруашылығын дамыту, импортқа тәуелді өнімдерді ауылда өндіруге баса мән беріледі.

Аталған бағдарлама аясында Жаңақорған ауданының тұрғыны Наурызбай Айымбетов өз кәсібін бастады. Ол 3,9 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алды. Бұл қаржыға ашылған жылыжайда бүгінде қияр мен қызанақ егіледі. Өнімдер ауыл тұрғындарына қолжетімді бағамен сатылады.

– Жылыжай – бір күндік тірлік емес. Күнделікті күтім, уақытылы бап, тұрақты еңбек қажет. Қазір өзіміз күтіп-баптап отырмыз. Отбасымызбен бірге істейміз. Бастысы – халық разы, өнімге сұраныс бар, – дейді кәсіп иесі.

Жылыжайдың жалпы көлемі ауыл тұрмысына бейімделген. Жылы мезгілде өнім мол жиналады. Қыста да оған қажетті жағдай жасалған. Қазір қияр мен қызанақтың көлемі өсіп келеді. Кәсіп иесі енді шабдалы, анар, жержаңғақ өсіруді қолға алуға ниет танытты. Алдағы уақытта өнім көлемін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Бұл кәсіп – тек отбасының табыс көзі емес, ауыл ішіндегі азық-түлікке деген сұранысты қамтамасыз етуге жол ашты. Сырттан тасымалданатын өнімге қарағанда, жергілікті әрі жаңа үзілген көкөніске сұраныс жоғары. Осы арқылы кәсіпкер ауылдың азық-түлік қауіпсіздігіне де үлес қосып келеді.

Мамандардың айтуынша, «Ауыл аманаты» бағдарламасы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға бағытталған. Демек, жоба өз нәтижесін беруде деп толық айтуға болады. Осылайша жергілікті тұрғындар санитарлық нормаларға сай келетін, заманауи жабдықталған ғимаратта тегін (тек коммуналдық төлемін төлеу) орналастуға және жобаларын іске асыруға мүмкіндік алады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

Жақында Ақтөбе қаласында XI халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны өтті. Дүбірлі додаға елімізден бөлек, Әзербайжан, Беларусь, Кыргызстан, Ресей және Өзбекстаннан барлығы 800-ге жуық сарбаз қатысты. Биылғы жиын Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Кеңес Одағының батыры, қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналды. Сайыста 20 команда 8 кезек бойынша сынға түсті.

ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПЕН ТӘРТІПКЕ БАУЛИДЫ

Жастар жиынына облыстан «Сыр айбыны» командасы қатысып, үздік өнер көрсетті. Аудандық, қалалық іріктеуден өткен дарынды жастардан құралған команда жалпы есепте төртінші орынды иемденді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жасұлан Алдабергенов айтып берді. Сондай-ақ брифингке «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы облыстық филиалының төрағасы Жасұлан Жанабай және «Сыр айбыны» командасының жас сарбазы Расул Ниетулла қатысты.

– «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл – жасөспірімдердің патриоттық рухын оятып, әскери дайындық пен тәртіпке баулитын маңызды алаң. Облыстан қатысқан командалар әр жылдары үздік нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Биылғы көрсеткіш те жаман емес. «Сыр айбыны» командасы барлық кезеңдерден сүрінбей өтіп, төртінші орынды иеленді. Бұл – тынымсыз еңбек пен дайындықтың жемісі. Алдағы уақытта жас сарбаздарымыз бұдан да жоғары нәтижеге жететініне сенімдімін. Біздің командада 10 ұл, 5 қыз өнер көрсетті. Бұған дейінгі сайыста бірінші орынды да иемденген болатынбыз. Әр жиынның өз қиындығы мен қызығы бар. Биыл да жастарымыз намысты қолдан бермеуге тырысты, – деді Жасұлан Нұрланбекұлы.

Дәстүрлі жастар жиынының маңыздылығы туралы Жасұлан Жанабай кеңінен әңгімеледі.

– Әскери-патриоттық жастар жиыны жастарды отансүйгіштікке, тәртіпке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Олардың бойында жауынгерлік рухты қалыптастырады. «Айбын» жиынына дайындық жұмыстары сайыс басталады дегеннен-ақ қолға алынды. Команданың әр мүшесі жауапкершілікпен қарап, тынымсыз дайындалды. Нәтижесінде «Сыр айбындары» командасы әскери кросс жарысында жалпы-командалық есепте 3-орынға ие болды, – деді Жасұлан Бақытжанұлы.

Ал автомат шашып жинау жарысында жерлесіміз Расул Ниетулла шапшаңдық танытып, 60 қатысушының ішінен топ жарды. «Болашақта өрт сөндіруші болғым келеді» деген жас сарбаз қаладағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектебінің оқушысы.

– Жарысқа үлкен жауапкершілікпен дайындалдым. Әр жаттығуда жылдамдыққа мән бердім. Қарсыластар осал болмады, бірақ өзіме сенімді болдым. Автоматты 10 секундта шашып, 13 секундта жинадым. Осылайша командама жеңіс сыйлады. Бұл сайыс мен үшін үлкен тәжірибе болды, – деді Расул Ниетулла.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Облыстық мәслихат депутаттары Жаңақорған ауданындағы ежелгі Сығанақ қалашығына барды. Сапардың мақсаты – археологиялық, ғылыми және қалпына келтіру жұмыстарының барысымен жан-жақты танысу.

СЫРҒА ТОЛЫ СЫҒАНАҚ



Сығанақ қаласының атауы X ғасырдан бастап түркі, парсы-араб тарихшыларының жазба деректерінде кездеседі. Ортағасырлық деректерге сәйкес, бұл қала XI-XIII ғасырларда Дешті Қыпшақтың, XIII-XIV ғасырларда Ақ Орданың, XV-XVII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Қала XVIII ғасырға дейін бірнеше тарихи кезеңді бастан өткерген. «Қыпшақ даласының айлағы» атанғаны Ұлы Жібек жолы бойындағы әлеуметтік-экономикалық деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді.

Айта кету керек, 2014 жылдан бері Сығанақ қалашығында облыстық бюджет есебінен археологиялық қазба жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне және «Жалпыұлттық киелі нысандар» тізіміне енгізілген.

Мәдениет және ақпарат министрлігі бұл ескерткішті ЮНЕСКО-ның негізгі тізіміне «Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі» номинациясы бойынша енгізу үшін жұмыс жүргізіп жатыр.

2018 жылы қалашық аумағы толық қоршалып, «SYGANAQ» жазуы бар стелла орнатылды. Ақпаратты облыстың тарихи-мәдени мұраларының интерактивті 3D картасына енгізілді. Үш тілде QR-кодды бар тактайша мен ақпараттық тақта қойылды.

Бір жылдан кейін ЮНЕСКО жанындағы Орталық Азияны зерттеу халықаралық институтының (Самарқанд қаласы, Өзбекстан) қолдауымен қазақ-өзбек бірлескен экспедициясы ұйымдастырылды.

Археологиялық зерттеулер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарапынан да Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен тұрақты жүргізіліп келеді. Қазба жұмыстары негізінде «Сығанақ ханшайымы» атты тарихи реконструкция жасалды.

Бір қуаныштысы, биыл да археологиялық және ғылыми қалпына келтіру жұмыстары республикалық, облыстық бюджет есебінен жалғасып жатыр.

Сапар барысында халық қалаулылары бірқатар мәселеге назар аударды. Мәселен, Жанкелді Ыскақ облыстық тарихи-өлкетану музейінде Сығанақта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлердің өте аз екенін айтып өтті.

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов аймақтың рухани және тарихи мұрасын сақтау бағытында, соның ішінде Сығанақ қалашығын қорғау мақсатында көптеген жұмыс атқарылып жатқанын айтты.

Дегенмен, шешілмеген мәселелер де бар, оның барлығын облыстық мәслихат депутаттары арнайы келіп көрді.

Сығанақ қалашығы – халқымыздың баға жетпес мәдени мұрасы. Біз бұл жәдігерімізді болашақ ұрпаққа аманат ретінде жақсы қалпында бастау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауымыз қажет.

Максұт ИБРАШЕВ,
Сурет автордікі





ӨНІРДІҢ ЖАҢА КЕЛЕБЕТІ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОЛАЙЛЫ КЛИМАТ ЭКОНОМИКАНЫ ТІКТЕУГЕ СЕП

Президент Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірін орындауға облысымыз да күш салып келеді. Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметіне сүйенсек, соңғы 3 жылда негізгі капиталға салынған инвестиция көрсеткіші артығымен орындалған. 2022 жылы Сыр өңіріне 373,5 млрд теңге инвестиция тарту жоспары 21 пайызға асыра орындалып, 513,7 млрд теңгеге жетті. Былтыр 517,5 млрд теңге инвестиция тарту жоспарымен орындалды, бірақ ол 23,5 пайызға артығымен орындалды. Нәтижесінде өңір экономикасына 639,5 млрд теңге инвестиция тартылды. 2021 жылы өңірге 308,9 млрд теңге инвестиция тартылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар есебінен 2 есе өсіп, 639,5 млрд теңге болды.

– Соңғы 3 жылда облыста құны 100 млрд теңге шамасындағы 46 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 2022 жылы қуаттылығы 197 мың тонна өнім шығаратын шыны зауыты іске қосылды. Өнеркәсіп саласының дамуына серпін беретін бұл жоба аясында 42 млрд теңге инвестиция тартылды. Одан бөлек, шыны зауытының ішінен энергия үнемдейтін 15 млн АҚШ долларына 5 млн шаршы метрлік шыны шығару желісі (6,7 млрд теңге), тамақ өнеркәсібінде 5 жоба (1,6 млрд теңге), логистика саласында 1 жоба (1,6 млрд теңге) іске қосылды. Бұл жобаларды құрылысынан бастап іске қосылуына дейін «қолмен басқару» режимінде сүйемелдедік, туындаған мәселелер дер кезінде шешілді. Үкімет тарапынан шыны зауытына көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларына қытайлық инвестор қарсы міндеттеме

Жобалардың ішіндегі ең ауқымдысы – түрік инвесторы «Акса Energy» компаниясы салып жатқан 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы. Құны – 215 млрд теңге. Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа станция іске қосылғанда облыс орталығын жылумен, өңірді электр энергиясымен толық қамтамасыз ете алатынын атап өтті. Өндірілген электр энергиясының артылған бөлігін (60 МВт) өзге аймақтарға сатуға болады. Салыстыру үшін айтайық, ескі жылу-электр орталығы 67 МВт электр өндірісе, жаңасының қуаттылығы бұдан 3 еседен де асып түседі деген болжам бар.

– Заманауи кірпіш зауыты (5 млрд теңге) жергілікті құрылыс индустриясының кірпіш өнімдеріне қажеттілігінің 90 пайызын қамтамасыз етпек. Қуаттылығы жылына 1,1 млн тонна қиыршық тас шығаруға жететін (17,3 млрд теңге), 720 мың шаршы метр айна шығаратын (1,5 млрд теңге) өндірістер іске қосылады. Машина құрастыру саласында «Марал Нұр» серіктестігінің жылына жолаушыларға арналған 740 вагон жөндеу кешені (құны – 15,4 млрд теңге, 1 кезең – 5,4 млрд теңге), қызмет көрсету саласында жылына 3,5 мың адамды қабылдайтын түрік инвесторының «Орхун Меди-кал» медицина орталығы (5 млрд теңге) іске қосылады. Азық-түлік өнеркәсібінде – нан-тоқаш, кондитер және макарон




Президент Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірін орындауға облысымыз да күш салып келеді. Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметіне сүйенсек, соңғы 3 жылда негізгі капиталға салынған инвестиция көрсеткіші артығымен орындалған. 2022 жылы Сыр өңіріне 373,5 млрд теңге инвестиция тарту жоспары 21 пайызға асыра орындалып, 513,7 млрд теңгеге жетті. Былтыр 517,5 млрд теңге инвестиция тарту жоспарымен орындалды, бірақ ол 23,5 пайызға артығымен орындалды. Нәтижесінде өңір экономикасына 639,5 млрд теңге инвестиция тартылды. 2021 жылы өңірге 308,9 млрд теңге инвестиция тартылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар есебінен 2 есе өсіп, 639,5 млрд теңге болды.

300-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, — деді басқарма басшысы.

Облыс әкімі бастаған делегацияның Қытай Халық Республикасына сапарысында 34 қытайлық компаниямен келіссөз жүргізілді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы мен құрылыс салаларына озық технология енгізу бағытында жалпы құны 10,8 млрд теңге болатын 9 келісімшартқа қол қойылды. Бүгінгі күні 3 компания қытайлық озық технологияны өндіріске енгізді. Одан бөлек, жуырда «Орталық Азия – Қытай» форумы аясында да тараптар құрылыс индустриясы, су үнемдеу, ауыл шаруашылығы және машина жасау салаларында уағдаластық жасады. Оның ішінде су шығындарын есептеуге арналған құрылғы өндіру цехы, ауыл шаруашылығы техникаларын жинау және шығару, кальцийленген силикатты тақтайша өндіру, жылыжай салу жобалары бар. Бастаманы жалғастыру мақсатында қала және аудан әкімдігінің өкілдері, ауыл әкімдері Қытайда болып, «Бір үй – бір өндіріс» бағдарламасымен танысты. Ауылдарды қалалық типте дамыту, елді мекендердің жергілікті брендін қалыптастыру бағытында тәжірибе алмасты.

Ал жуырда елімізде Үкімет қаулысымен «Қорқыт ата» жаңа арнайы экономикалық аймағы құрылды. Құжат бойынша ол Қызылорда облысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын 550 гектар аумақта орналасады. Арнайы экономикалық аймақта заманауи өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, қызмет көрсетудің сапалы жаңа деңгейін қалыптастыру, экономика саласында жаңа технологиялар енгізу, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды арттыруға мүмкіндік жасау жоспарланған. Сонымен қатар біз сөз етіп отырған



алып, құны 55 млн АҚШ доллары болатын қосымша 2 жаңа инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлауда. Олар – кварц құмын байыту цехы (2026 жыл, 200 мың тонна, 5 млн АҚШ доллары) және фотогальваникалық күн шынысын өндіру цехы (2027 жыл, тәулігіне 500 тонна, 50 млн АҚШ доллары). Сонымен қатар құрылыс индустриясын дамыту бағытында «Құрылыс-көлік компаниясы» серіктестігінің темір-бетон бұйымдарын шығаратын зауыты ашылды. Зауыттың барлық өнімі көптеңгерлі тұрғын үй құрылысына пайдаланылуға. Бұл жерде сағатына 80 текше метр тауарлы бетон және күніне 120 текше метр темір-бетон бұйымдары өндіріледі. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Өткен жылы өңірімізде құны 37 млрд теңге болатын 21 жоба іске қосылды. Маңыздыларының бірі – құны 20 млрд 900 млн теңге көлеміндегі «Қорқыт Ата» әуе-жайының жаңа терминалы, – дейді басқарма басшысы Дәурен Әбілқайыров.

Терминал құрылысына «Болат Өтемұратов қоры» әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде қомақты инвестиция салғынын айтуға тиіспіз. Әуе-жайдың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына, автожол салуға, аумағын абаттандыруға, жарықтандыруға жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді. Нысан халықаралық талаптарға сай келеді, жолаушылардың ұшып-қонуына және аялдауына барлық жағдай жасалған. Жаңа терминалда жылына 2 млн жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар.

Басқарманың хабарлауынша, экономикалық артаптандыру мақсатында 2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн теңгеге жуық 89 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Жаңа жобалар 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға ықпал етеді. Оның ішінде биыл 302,5 млрд теңге қаржы есебінен 27 жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

өнімдерін өндіру кешені, өнімі экспортқа бағытталған түйе сүтінен жылына 392 тонна құрғақ ұнтақ өндіретін зауыт, екі шағын өнеркәсіптік аймақ (ЖК «Тұмар», «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС) бар. Түйе сүтінен әзірленген құрғақ ұнтақ өнімдер Қытай компаниясымен жасалған оффтейк келісіміне сәйкес (10 жылға – 188,1 млн АҚШ доллары) толығымен Қытайға экспортталады. Бұдан бөлек, бүгінгі күні Қытай технологиясымен жұмыс істейтін цемент зауытын жобалау (40,5 млрд теңге) басталды. Сонымен қатар осы жылы құны 553,6 млрд теңгені құрайтын 14 жобаның құрылысы басталады. Олар – кальцийленген сода зауыты (146,4 млрд теңге), «Шалкия» кен байыту фабрикасы (215 млрд теңге), көкөніс пен жеміс сақтау, алма шырынын шығару кешені (2,5 млрд теңге) және 150 орынға арналған «Rixos» қонақ үйі (құны – 7 млрд теңге). Оның ішінде корейлық «Уиз Ю» компаниясы наурыз айында тұрмыстық қатты қалдық өңдейтін зауыттың бірінші кезеңінің құрылысын бастады, – дейді Дәурен Әбілқайыров.

Зауыт қоқысты өртеу арқылы 20 МВт-қа дейін электр энергиясын өндіре алады. Жоба аясында өңірге 34,5 млрд теңге инвестиция тартылмақ. Өнеркәсіпті дамыту қоры неміс

технологиясы бойынша жылына 220 млн шыны бөтелке шығаратын зауыт құрылысын қаржыландыру мүмкіндігін қарастырып жатыр. 2026-2029 жылдары құны 1,6 трлн теңгені құрайтын 54 жобаны жүзеге асыру, 7 мың жұмыс орнын құру көзделген. Мамандар географиялық орналасуы мен климаттық жағдайына байланысты аймақта күн мен жел энергиясын өндіруге мүмкіндік барын алға тартып отыр. Бүгінгі күні өңірде жалпы қуаттылығы 89 МВт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істейді. Быыл жалпы қуаттылығы 90 МВт болатын 3 нысан іске қосылады. Бұл көрсеткіш алдағы жылдары арта түспек. Мұндай жобалардың арқасында өңіріміз толығымен «жасыл энергетикаға» көше алады. Алда жыл соңына дейін жоспарланған жобаларды іске қосу, биылға бекітілген 631,4 млрд теңге



инвестиция және 280 млн АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспарын орындау міндеті тұр.

– Осы орайда соңғы 3 жылдың оң тәжірибесі негізінде қала және аудан әкімдіктеріне меже бекітілді. Меже әдеттегідей толығымен орындалады, тіпті артығымен. Биыл 5 айда өңірге 229,8 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 27,1%-ды құрады (индикатордың орындалуы – 36,3 пайыз). Облыста инвестиция тарту бойынша оң көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қолайлы климат қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Өңірге инвестиция тарту, өндірістік кооперацияны дамыту, жаңа жобаларды іске асыру мақсатында шетелдік компания бас-



шылары мен дипломатиялық өкілдердің облысқа жұмыс сапары, онлайн кездесулер ұдайы түрде ұйымдастырылып тұрады. Өткен жылы облыс әкімінің Испания корольдігіне жұмыс сапары барысында «Рока» компаниясымен керамика өнімдерін шығаратын зауыт салу мәселелері талқыланған болатын. Нәтижесінде маусым айында Премьер-министрдің төрағалығымен өткен жиылыста Қызылорда облысының әкімдігі, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және «Roca Group» компаниясы арасында инвестициялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Жалпы инвестиция көлемі – 70 млн еуро. Зауыт жылына 500 мыңдай санитарлық-техникалық өнім шығарып,

инвестиция тарту мәселесі де тыс қалған жоқ. Мамандар арнайы экономикалық аймақтың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне жақын болуы Қазақстан мен Орталық Азия нарығында өнімді өткізу тиімділігін арттырады деп есептейді.

Қорыта айтармыз, инвестициялық жобалар өңірдің, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына дүмпу береді. Сондықтан бұл бағыттағы Мемлекет басшысы мен облыс әкімінің тапсырмалары тиянақты орындалуы тиіс. Қазақстанның 2025 жылға арналған инвестициялық жоспарында көптеген сала қамтылған. Оның ішінде ең маңыздысы ретінде көлік құралдарын шығару, тұрмыстық техника өндірісі және металлургия салаларын ерекшелеуге болады. Мамандар мұндай жобалар ішкі нарықтағы қажеттіліктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да әсер ететінін айтып отыр.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Ұлттық домбыра күні – қазақ мәдениеті мен болмысының ең маңызды нышандарының біріне арналған мереке. Қазақ халқы үшін домбыра – ұлттық аспап қана емес, оның жаны мен қаны, ары мен бары, қасиеті мен киесі. Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, Ұлы даланың сазды сарынын жырлаған да домбыра. Атаулы күнге орай газет тілшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Ерболат Мұстафамен сұхбаттасқан еді.

«Қазақ күйлерінің тарихында ақиқат жатыр»

– Ерболат Жұмашұлы, Ұлттық домбыра күні құтты болсын! «Қазақ – нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген Қадір Мырза-әлінің сөзін ұран еткен халқымыздың көңіл төрінде домбыраның орны ерекше. Тамыры мен тарихы тасқа таңбаланған, қазақ елінің болмысы мен өркениетінің куәгері саналатын домбырашылардың өркениетке қосқан үлесі зор. Кешегі батыр бабаларымыз бен ақындардың серігі болған бұл аспапты ұлықтау – бүгінгі ұрпақ міндеті. Дегенмен қазір әр үйдің төрінен домбыра табыла бермейтін секілді. Ұлттық аспапты тек Ұлттық домбыра күні ғана еске алатындай көрінеді?

– Расымен де тек атаулы күні домбыраға мән береміз. Өйткені бұл аспапта көбіне күй тартылады. Ал оны кез келген адам түсіне бермейді. Қай күйдің тарихына, тақырыбына үңілсек, онда халықтың қуанышы мен тауқыметін, бүкіл тағдырын көреміз. Кейінгі жылдары үлкен сахнаға шығып күй тартатындар да сиреді. Ол да бізге сын дер едім. Тек мереке күні ғана ұлттық аспапты еске алған дұрыс емес. Бізде мереке көп. Соның қатарына Ұлттық домбыра күні қосылып, арнайы бір күнді арнағанына қуанамыз. Алдағы уақытта күйдің мағынасын жастарға ұғындырып, домбыраның мәртебесін көтереміз деп ойлаймын.

– Өзіңізді күй өнерінің шынайы жанашыры, халық мұрасын дәріптеп жүрсең аға буын ретінде білеміз. Сіз үшін күйдің мәні қандай?

– Атақты жырау Алмас Алматы ағамыздың «Сөз айта алмайтын заманда күйшінің ойы домбыраның көмейіне барып тығылған» деген керемет сөзі бар. Біз осыны түсінуіміз керек. Күйдің мәнін ұғыну үшін оның шығу тарихын, автордың қандай

аманат жүктегенін білуіміз керек. Егер қазақта 10 мың күй бар десек, әрбірінің терең тарихын, күйшінің айтқысы келген ойын зерделесек, оның мәні де ашылар еді.

– Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры, терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Қазақ ежелден қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты қара домбыраның үнімен жеткізген. Ал «домбыра» атауының шығу төркініне қатысты талас-тартыс көп. Сіз не айтасыз?

– Домбыра сөзінің этимологиясына мән берген ғалымдар аз болған жоқ. Қолына домбыра ұстаған, тіпті тарталмасадасоны зерттегендер көп. Барлығының айтатыны, түркі тілдес халықтарының аспаптары да, атауы да, бір-біріне ұқсайды. Тіпті керек болса, украин халқында бандура деген аспап бар. Бандура, тамбур, домбур, домбыра барлық сөздер бір-біріне жақын. Көп елде домбыраға ұқсас аспаптар бар. Мысалы, Ресейдің Алтай қазақтарында сондай аспап бар. Ол біздікіне қарағанда техникалық жағынан төмен.

– Ұлттық өнерді ұлықтаумен қатар, шәкірт тәрбиелеу ісінде де елеулі еңбек етіп жүрсең жансыз. Жастар күй өнеріне қиғашалықты қызығады?

– Осыдан 35-40 жыл бұрын өнер зерттеушісі, ғалым Абдулхамит Райымбергенов деген ағай маған мынадай керемет сөз айтқан. «Ерболат, біз күйімізді тартып жүре береміз-ау. Сахнаға шығамыз, жазбалар жазып, теледидарға шығамыз. Бірақ сол күйді тыңдайтын ұрпақ бола ма, болмай ма? Біз осы бастан сол ұрпақты тәрбиелеуіміз керек» деген болатын. Қазір домбыраға қызығатын жастар көп. Бір өкініштісі, олардың көбі



жұмыс таба алмай жүр. Мен Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетте «Музыкалық білім» деген кафедрала жұмыс істеймін. Оқу орнының өзгелерден айырмашылығы орта мектепке мұғалім дайындайды. Мысалы, консерваторияны бітіргендер күй тартады, бірақ олар орта мектепте сабақ бере алмайды. Біз күй тыңдайтын, өнерді түсінетін жастарды тәрбиелеуіміз керек. Оны қайда тәрбиелейміз? Әрине, мектеп қабырғасынан бастау керек. Демек, осы тұста біздің университет ұжымының атқарып жатқан жұмысы орасан деуге болады.

– Репертуарыңызда қандай күйлер бар? Авторлық туындыларыңыз жайлы айтсаңыз...

– Менің репертуарымда 500-ден астам күй бар. Кезінде консерваторияда оқығанда бізді жан-жақты тәрбиеледі. Өзім Құбыш Мұхитов деген кісіден білім алдым. Ол

батыстың адамы-тұғын. Білмейтін күйлерін айтатын. Мәселен, «Мен, мына шертпе күйді білмеймін, сен оны Нұрахмет Жорабековтен, Қазанғаптың күйін Сәдуақас Балмағанбетовтен үйрен» деп бағыттап жіберетін. Сондықтан болар, сол кезде оқыған өнерпаздар барлық өңірдің күйлерін тарта алатын. Мен Арканында, Қаратаудыңда, Батыстың да, Шығыстың да, Сыр бойының да күйлерін тарта беремін. Түркіменнің халық күйлерін де Ашхабадта үйренген едім. Консерваторияның III курсына жүргенде «Анама» деген туындымды орындап II орын алған болатынымын. Қазір «Анама», «Ер Түлкібай», «Сыр-толғау» және оркестрге арнап жазған «Қорқыт кесенесі» деген күй-поэма бар.

– «Қазақ күйлерінің тарихында айқайлаған ақиқат жатыр. Сол ақиқаттан қорыққан адамдар ғана домбыраны, күйді сахнаға шығарудан қашады. Бұл – орысқұлдардың тірлігі...» депсіз жеке парақшаңызда. Бұлай айтуыңызға не себеп?

– Бұлай айтуыма негіз бар. Себебі, күйлердің көбі XVIII-XIX ғасырда пайда болған. Ал біз ол уақытта Ресей империясының боданында болдық. Күйлердің тақырыбына мән беріп қарайтын болсақ, айталық, «Пәбескі», «Түрмеден қашқан», «Көбік шашқан», «Аман бол, шешем», «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Заман-ай» деген сияқты зарлы күйлер бар. Ол күйлерді сахнаға шығып тартайын десен тартқызбайды. Оның өзіндік тарихы бар. Мысалы, «Адай» күйін осы кезге дейін үлкен оркестрде орындап келеді. Ол орыс империясына қарсы адайлардың көтерілісіне арналған. Кейбір кезде ұятты нәрселерді естіп, қынжылып қаламыз. Өткенде бір үлкен тойда ет тамақты әкелерде «Түрмеден қашқан» күйін қосқанын естіп өзіміз ұялдық. Жаңа бір сөзімде қазақта 10 мың күй бар дедім. Соның жартысынан көбі Ресейдің боданы кезінде пайда болған.

– «Күй өнерінің тағылымы» атты монографияңызға тоқталсаңыз... Оның кейінгі ұрпақ үшін маңызы қандай?

– Осыдан екі жыл бұрын 60 жасқа толғанымда «Күй өнерінің тағылымы» деген оқулық жазған болатынымын. Онда 42 күй және «Қорқыт кесенесі» деген күй-поэмамын партитурасы бар. Алғысөзді Шәміл Әбілтаев жазған. Кітаптың тұсаукесері Қызылордада А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде, кейін Алматыда да өтті. Енді биыл өнертану профессоры деген атаққа құжат тапсыру қажеттігі туындап, соған сәйкес мен монография жазуым керек болды. Бұл кітаптың мазмұнында күйші ата-бабаларымыз бізге не айтып кетті? Әр күй арқылы біз қазақтың тарихын қалай түсінеміз? Күйді тыңдай отырып қандай сезімде боламыз? Бізге олар қандай аманат жүктеді? Соны өзімнің ой-толғауларым арқылы оқырманға жеткіздім. Ұлттық кітапханада отырып екі ай зерттегенімде, ешқандай мәлімет таба алмадым. Сондықтан осы тақырыпты алғанымда бір жағынан қуандым. Монографияның аты айтып тұрғандай, күй өнері бізге қандай тағылым береді? Әсіресе, жастарға түсіндіргім келеді. Күй деген сөздің этимологиясы қандай? Осы кезге дейін «күй» деген сөздің төркінін «көк» деген сөзден шығарып келді. Құдайберген Жұбанов, Ақселеу Сейдімбек секілді ғалымдардың айтуынша, «көк» деген сөз «аспан», яғни аспаннан бір дыбыс естіледі. Ол миға келіп сауасқа, сауасқан күй болып төгіледі деді. Мен монографиямда ол пікірлерге қосылмадым. Өзімнің көзқарасымды білдірдім. Күй деген сөз қазақтың күйін білдіреді. Мысалы, үлкен ақсақалға амандасқанда «Ата, күйлі-қуатты барсыз ба?» деп сұраймыз. Немесе көңіл күйі жоқ адамға «Көңіл күйің нашар ғой» деп айтамыз. «Мал жаныңыз күйлі ме?» дейміз. Сонда күй деген сөз қазақтың жағдайын білдіреді. Қай күйлі алып қарасаңыз да, сол дәуірдің үнін, жағдайын көрсетеді. Жалпы болашақта жастарға күй дегенді түсіндіргім келеді. Осы бағыттағы жұмысымды одан әрі жетілдіріп, зерттей беремін. «Күй тартқан адам күйші емес, күйді тыңдай білетін адам күйші» дейді. Сондықтан балаларымыз өнерлі болсын. Бізде үлкен той, жиын, түрлі іс-шараларда домбыра тартатын адамды босағаға, лауазымды кісілерді төрге отырғызып қояды. Егер домбыраны қастерлесек, онда домбырашыны да құрметтегеніміз дұрыс. Ұлттық домбыра күні құтты болсын!

– Тағылымы әңгімеңіз үшін рақмет!

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!»



Халық мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында 2007 жылы, сол кездегі облыс әкімі Мұхтар Құл-Мұхамедтің қолдауымен облыстық филармония жанынан халық аспаптар оркестрі құрылды. Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында құрылған оркестрге шайырдың аты берілді. Оркестрдің алғашқы көркемдік жетекшісі және бас дирижері Гүлдәрі Ізбанова, дирижері Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің директоры Кеулімжай Ботабаев болды.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі қызметін 2009-2015 жылдар аралығында Гүлсім Бекмағамбетова, Мырзағали Толыбеков, 2016 жылдан бастап Мәдениет саласының үздігі, бас домбырашы Самат Абылаев атқарып келеді. Ал оркестрдің бас дирижері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев, дирижері

республикалық дирижерлер конкурсының лауреаты Руслан Балмасов.

Өнер ұжымын Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы мен Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжін бітірген жоғарғы санаттағы кәсіби музыканттар құрайды.

Оркестр репертуарында халық және Қазақстан композиторларының шығармалары, ән-күйлері, классикалық және Батыс Еуропа композиторларының, барлығы 200-ден аса шығарма бар. Сонымен қатар, Сыр елінің атақты күйші-композиторлары Қазанғап, Шал Мырза, Бекпеңбет, Әлшекей, Жалдыбай, Құрақтың Досжаны, Қаражанның Төлегенінің күйлері мен шығармалары және жергілікті күйші-композиторлар Исламбек Ысқаков, Мұрат Сыдықов, Альберт Алмағамбетов, Төлепберген Токжановтың ән-күйлері мен шығармалары да – оркестр репертуарын байыта түскен құнды дүниелер.

Тұрмағамбет оркестрі облыс әкімдігінің қолдауымен өткен Қызылорда қаласының 190 жылдығына арналған «Сырдария саздары» атты халықтық ұлт аспаптары оркестрлері мен ансамбльдердің облыстық фестивалі, Ақтөбе қаласында өткен «Жұбанов көктемі – 2010» халықаралық фестивалі, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай Атырау қаласында өткен халықаралық ұлт аспаптар оркестрлерінің фестивалі сияқты ауқымды мәдени іс-шараларда жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Қазақстан астаналары болған Орынбор, Қызылорда, Алматыда, Астана қаласында өткен «Орынбор-Ақмешіт-Алматы-Астана» атты өнер керуенінің концерттік бағдарламасының негізін оркестрдің репертуары құрады. Сонымен қатар, еліміздің әр өңірінде өтетін дәстүрлі мәдениет күндері аясында Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрінің шығармашылығы арқылы Сыр өнері кеңінен насихатталып келеді.

Алыс-жақын шетелдермен де мәдени байланыс бар. Айталық, оркестр 2018 жылы Түркия мемлекетінің Кастамону, Болу, Аксарай, Анкара қалаларында өткен түркітілдес халықтардың өнер фестивалінде, 2019 жылы Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында Науаи қаласында «Сырдария – достық арнасы» атты концертте өнер көрсетіп, ұлтымыздың дәстүрлі өнерін дәріптеді.

Оркестрде әр жылдары Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе, музыка зерттеуші, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Еркін Нұрымбетов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Үкібаев, дирижер, күйші, композитор, өнер зерттеуші, Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті, Мәдениет қайраткері Қарасай Сайжанов, Қазақстан Қарулы Күштері ұлттық-әскери-патриоттық орталығының аға музыканты, Мәдениет саласының үздігі Әділет Азбаевтың шеберлік дәрістері өткізілді.

Ұлт өнерінің мақтанышына айналған КСРО Халық артистері Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Қазақстанның Халық артисі Нұрғали Нүсіпжановтың Тұрмағамбет оркестрінің сүйемелдеуімен өнер көрсетуі оркестрдің кәсіби деңгейінің биік екенін аңғартады. Сондай-ақ оркестрдің негізін қалап, өнер ұжымының қалыптасуына өз үлесін қосқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Мұстафаев, академик Төлепберген Токжанов сынды өнер қайраткерлері бүгінде еліміздің тандаулы оқу орындарында жас таланттарды тәрбиелеу жолында қызмет етуде.

Әр жылдары Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджанов пен Нұржамал Үсенбаеваның шығармашылық кеші, Қазақстанның Халық артистері Секен Тұрысбек, Айгүл Қосанованың, Майра Мұхамедқызының концерттері Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен өтіп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Осындай рухани тағылымы мол өнер кешінің қатарында Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері, профессор Тұрар Әліпбаевтың «Күй құмбір» атты шығармашылық кешін, Сырдың тумасы, «Құрмет» орденінің иегері, академик Төлепберген Токжановтың 60 жас мерейтойына арналған «Сыр – Ана» атты күй концертін айтуға болады.

Айта кетейік, Ұлттық домбыра күніне орай қалалық паркте Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Домбыра – дастан» атты концерті өткізіліп отыр. Оркестрдің көркемдік жетекшісі – Мәдениет саласының үздігі Самат Абылаев.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Сағындық Шәмшиев 1945 жылы 5 шілдеде бұрынғы Тереңөзек ауданы Карл Маркс ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіріп, Қызылорда қалалық ауруханасында дәрігер-анестезиолог, хирург болып еңбек жолын бастаған. 1978 жылы осы аурухана бас дәрігерінің жедел жәрдем бойынша орынбасары, 1982-2012 жылдары қалалық дәрігерлік жедел жәрдем станциясының бас дәрігері қызметін атқарды.

Алғашқы жылдары қалалық жедел жәрдем бөлімшесі болған мекеме С.Шәмшиевтің көп ізденіс, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті арқасында нығайып, қалалық дәрігерлік жедел жәрдем стансасына айналды. Стансада қала бойынша жедел жәрдем бөлімшелері, зарарсыздандыру орталығы, кардиология, үдемелі терапия, акушерлік, балалар дәрігерлерін шақыру топтары ашылып, нәтижелі жұмыс істеді.

Облыс бойынша медициналық жедел жәрдем жұмысын дамыту мақсатында барлық аудандағы ұйымдастыру-әдістемелік көмекті жақсартып, медқызметкерлердің іс-тәжірибесін, біліктілігін арттыруға баса назар аударылды, жедел жәрдемнің халыққа дер кезінде сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етті.

Жоғарғы санатты дәрігер-хирург «Құрмет» орденінің, «Шапағат» және «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл» мерекелік медальдарының иегері. 2001 жылы «Қызылорда қаласының үздік дәрігері» атағы берілді. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен, 2015 жылы ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

Саналы ғұмырын халық денсаулығын сақтауға арнаған дәрігер зейнеткерлік жасқа жетіп құрметті еңбек демалысына шықса да, әлі күнге ауруханадағы жұмысын тоқтатқан жоқ. Ақ желеңді абзал жан білімі мен тәжірибесін жас мамандарға үйретуген жалықпай, бірінші байлықты қорғауға бар қажыр-қайратын жұмсап келеді.

Жақында С.Шәмшиевті 80 жасқа толу мерейтойына орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы қабылдап, ізгі тілегін айтып, облыстың Құрмет грамотасын табыс етті.

Сағындық аға кәсіби мамандығына қоса ақындық қабілетімен де белгілі. Оның «Дәрігер жүрегі» атты жыр жинағы, «Жұлдыздар жанған жұмақ жер» атты деректі кітабы жарық көрді.

«Маржадан ұл туса...» немесе жалғыздың жары – Құдай

Сағындықтың әкесі Шәмші кеңес өкіметінің алғашқы жылдары 8-ауыл деп аталған бұрынғы К.Маркс колхозында сиыр баққан. Ал Қалима ана сауыншылықпен айналысқан. К.Маркс деп отырғанымыз – қазіргі Н.Ілиясов ауылы.

Шәмші ата бөлі мығым, білегі қарулы мықты адам болған. Бұл кісілердің аталығын «Маржа» деп атаған, арғы аталарының бәйбішесі Маржанбіке деген қарақалпақ қызы болса керек. Сол бәйбіше күйеуі ерте қайтып, барлық баланы өзі бағып өсіріпті. Соған байланысты кейінгілердің бәрін Маржанбікенің атын қысқартып, «Маржаның балалары» деп кеткен.

Осы Маржаның балаларының бәрі де палуан, қажырлы болып өскен. Әсіресе, олар қамыс органда алдына адам түсірмеген. Шәмші ата да бір орақ салғанда мың қамыс орып тастайды екен. Ел ішінде «Маржадан ұл туса, қамысқа күн тұады» деген сөздің қалуы да тегін емес.

Сиыршы Шәмші ата «Ысқақ қайыры», «Тұмба түбегі» деген жерлерді жайлап жүрген. Бір күні қақаған қыста Жәдікбай деген сиыршының бір сиыры дария жиегіндегі мұз ойығына түсіп кетеді. Жәдікбай сиырды әрібері мүйізінен тартқылайды да қояды. Мұны көрген Шәмші ақсақал «қобал ғой, көз алдында өлтіресің бе» деп белуарға дейін ойыққа түсіп, сиырдың құйрығын қолына орап тартып шығарады. Сонда ол кісі жетпіс бір жаста. Осыдан суық тиіп, қызуы көтеріліп, төсек тартып жатып қалады.

Сол кезде он төрт жасар Сағындық әкесін арбаға салып, ауруханаға апарды. Дәрігер кісінің үстінен қарайтын үлкен кісі екен. Сонда баланың басына төніп: «Несіне әкелдің?» депті. Бұл сөз балаға «әкең өледі» дегеннен да ауыр тиіп, өңменінен өтеді. Дәл осы сәтте Сағындық «өскесін доктор боламын» деп кектенеді. Келе-келе тарқаған кек арманға айналды.

Қалима ананың құрсағынан он төрт бала өрбіген. Бәрі де шегіней берген. Ал бес пен он жас аралығындағы екі ұл, бір қыз балалар үйінен жоқ болып кеткен.

Осылардан кейін өмірге келген баланың атын әке-шешесінің неге Сағындық деп қойғаны түсінікті шығар.

Бала Сағындық мектепте оқып жүріп «детдомды» Ташкентке көшіргенде бірге кеткен бауырларын газет арқылы іздеп, еш жерден жауап ала

/// САҒЫНДЫҚ ШӘМШИЕВ – 80



Суретті түсірген Нұрболан НҮРЖАУБАЙ

ТЕКТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ АРНАСЫ

алмапты. «Сол кезде шешем күніне отыз сиырды қолдап сауатын, – дейді Сағындық аға өткен күндерді еске түсіріп, – соған қарамастан ол уақытта тұрмыс та нашар еді. Біздің үйде көрпеше де болмайтын, күндіз аркалап отын таситын шешем кешке тулақтың үстінде отырып шай ішетін.

Бір күні шешем отын теріп жүріп ағыл-тегіл жылады. Мен ештеңеге түсінбей, анырып қалдым. Ол кісінің өмірден көрмеген құдайы жоқ, ауырлықты артқан, қиындықты тартқан адам. Азанда бір баласын, кешке бір баласын жер қойнына берудің қандай қасірет екенін сол ананың өзінен басқа ешкім де сезіне алмайды. Сонда анам ішінің шер-құсасын тарқатайын деп жылап жүр екен. Мен оны қайдан білейін. Дәрігер болған кезімде ғана түсіндім, егер іштегі шер тарқамаса, ол адам ағзасын бей-жай қалдырмайды. Нағыз аурудың көзі – сол. Анам соны білген ғой...»

Сағындық ағаның естеліктері қызық. Әсіресе дәрігерлік өмірінің қызық-шыжығын айт, бірақ оған бір күн, бір түн жетпейді.

Жас Сағындық ауылдан мектеп бітіргесін баяғы арманын қанат қып Алматыға аттанбақ болып бел буды. Бірақ, оған қаражат қайда. Ол кезде анасы сауыншылықтан шыққан, он үш сом пенсиясы бар. Кеңес заманының сөздік қорында «зейнетақы» деген зат есім жоқ, біз де сол тілмен сөйлей берейік.

Бұл үйдің жалғыз басапғы бар еді, ол да бір жыл бұрын өрістен жоғалып кеткен. Алматыға кетем деп отырған күні сол баспақтың табылғаны қызық болды. Көрдім деген жерге күйбендеп Қалима шешей де жетеді. Қолындағы жібін «мөһ-мөһ» деп созғанда жануар басын шешейдің алдына тосып тұрыпты.

Шіркін, жастық! Сол баспақты қала базарына Кеңес ағасы жетектеп апарды, ал Сағындық үстіне мініп алды. Сөйтіп, баспаққа мініп Қызылордаға, баспақтың ақшасына мініп Алматыға жетті.

Бірақ, Сағындық оқудан құлап қалды. Сынақтың бәрінен бес алса да, орысшасы озынды.

Содан ауылға келіп, трактор аяйдады. Келер жылы оқуға тағы бармақ. «Жалғыздың жары – Құдай» деген...

Той түгел тұрып қол соқты

Келесі жылы тағы Алматыға тартты. Бұл жолы бір жыл дайындықтың пайдасы тиді, ақыры медицина оқуына түсті. Сабақты құмарта оқыды. Әсіресе оны анатомия сабағы қызықтыратын. Қарқынбаев деген оқытушы болды, тыңдайсың да отырасың. Шебер, білімді, терең адам. Мида миллиондаған жүйке талшықтары болады, олардың бәрі башпайына дейін жалғанған. Сондықтан байынан өткен әрбір әрекет арқылы орталық жүйке жүйесіне хабар жіберіледі. Жағымсыз хабар түскенде адам өзін тежей алуы керек, жақсы хабардан әрине, әсерленеді. Адамның ақыл таразысы – мінезі. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дейді, қазақ. Осыны айтқан, сонда.

Бұл студент Сағындықтың сезген, түйгені. Сол бір таза санаға орныққан білім нәрі имани гүл болып өсті.

Жас маман Сағындық Шәмшиев 1968 жылы Қызылордаға оралды. Қалалық аурухананың бас дәрігері Ернияз Омаров екен. Қадімгі Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, ғылым кандидаты, көптеген мемлекеттік орден-медальдың иегері, Сыр елінің қадірлі Ерниязы. Ол кезде қырыққа да толмаған жігіт, әлгі атақтары болмағанмен, айналасына белделді маман болатын.

Осы уақытта қалалық аурухананың негізгі бөлімдері жаңадан салынған аурухана ғимаратына көшіріліп, облыстық аурухана деп аталды да, бұрынғы аурухана қалалық біріккен аурухана болып қалды. Өйткені, онкологиялық аурулар да, балалар ауруы да бәрі осы жерде қаралатын. Бүгінгі күні урология, травматология, балалар ауруханасы әрқайсы өз алдына ғой, ол кездің қиындығы осының бәрі бір орталықта еді. Маман жетіспей жатты, Сағындық секілді оқу бітіріп келген жастар солардың орнын толтырды. Күндіз-түні тыным таппайтын анестезиолог-реаниматолог Шәмшиев шаршау дегенді білмеді, ес-дерті тек жұмыс болды. Баяғы кісінің төбесінен төніп тұратын дәрігерге кектеніп дәрігер боламын деп еді, болды. Ал, енді ақысын кімнен алмақ, оның орнына Сағындықты тек жақсылық іс жасау ғана күтіп тұрды. Талай жанның дертіне шипа болды, талай қысылған адамның тынысын ашты. Ондай оқиғалар көп, көптігі сонша, ұмытып та қалады.

Бір күні аурухананың түнгі кезекшілігінде тұрған. Беймезгіл уақытта екі жасар сәбиді алып келді. Сол кезде магниттік-резонанстық томография, ультратырадыстық диагностика деген жоқ. Науқастың ауруын жедел түрде түріне, қан айналысына қарап анықтау керек.

Сағындық дереу баланы қарап, ішек инвагинациясы екенін білді. Соған орай қасындағы көмекшісімен бірге күрделі емдеуді қолға алды...

Қызмет адамы болған соң араласатын кісінің де қарасы мол болады. Сағындық Қызылорда пединститутында дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі болып ұстаздық еткен Николай Шиндинмен де жақсы араласты. Сол кісінің баласы үйленіп, тойына шақырған. Той үстінде құдалар жағанын бір кісі шығып, көп алдында мынандай оқиғаны айтты.

«Осы қызымды өлім аузынан құтқарып қалған бір адам бар, бүгін сол кісімен кездесіп отырмын. Бір Құдай, сосын сол кісі болмағанда осы тойда отырар ма едік!?»

Жұрт тым-тырыс, ол кім болды екен? Сағындық аға да мойнын соза қарады, кім екен?

«Ол кезде қызым екі жасар болатын, сонда ауыр ота жасап, қызымды тірі алып қалған дәрігер Шәмшиев Сағындық еді!» деп құда елеусіз отырған Сағындықты орнынан тұрғызды.

Ол кісімен бірге күллі той қонақтары орындарынан дүркірей тұрып, мейірлене қол соқты...

Ерлік пен елжандылық егіз

1969 жылы жаппай тұмау келді. Біз көрген кешегі пандемиядан әрі, бүкіл қала жөтеліп тұрды. Осы кездегі дәрігерлердің жанкештілігін көрсеңіз.

Солардың бірі болып Шәмшиев те жүрді, жұмыстың ауырлығы сонша екі-үш күндеп аурухананың ішіне қонып қалатын. Ол кезде үйдің бәрі пеш жағалды, тез суып кетеді, бұл аурудан жазылудың жолын ұзартты.

1970 жылы қалалық аурухана дәрігері Сағындық Шәмшиев Мәскеудегі Боткин атындағы ауруханаға екі айлық білім көтеру курсына оқуға барды. РСФСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, медицина ғылымының докторы Борис Сергеевич Розонов деген профессордың сабағын алды. Сол профессордан тәжірибе жүзінде де, іс жүзінде де көп нәрсе үйренді.

1977 жылы қазіргі орталық алаң маңында жатаған үйлерде тұратын қалалық аурухана ескі базар тұсындағы жаңа ғимаратқа көшірілді. Ілешала емханалар өз алдына бөлініп шықты. Жаңа аурухананың салынуына көп еңбек сіңірген Ернияз Омаров облыстық денсаулық сақтау басқармасына бастық болып кетті де, бас дәрігер болып Әскербек Төреев келді. Ал облыстық аурухананың бас дәрігері Тұрғанбай Маханов еді, қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Тәжібай Пазылқайыров болды.

Осы сала қайраткерлерімен Сағындық аға да қойын-қолтық қызмет етті. Өзінің қызметтегі біліктілігі мен адалдығы арқасында 1982 жылы қалалық жедел жәрдем стансасына бастық болып бекітілді.

Шәмшиев келгенде жедел жәрдемнің техникалық базасы өте төмен еді. Сол кезде жұмыс істеп тұрған он алты бригада болды. Ол он алты жедел жәрдем машинасы деген сөз, он мың тұрғынға бір машина, норма солай. Бұл бірақ, азық ететін.

Жай адам үшін әр күнгі тіршілік мамыражай өтіп жатқандай көрінеді. Олай емес, күн сайын көлік апаты, өрт, суға кету орын алады, өмір төтенше жағдайларға толы. Осының бәрімен күресу керек, сол күрестің алғы шебінде аты айтып тұрғандай, жедел жәрдем жүреді.

Бұл қызметте жұмыс жоғары басшылық құзырынан ғана бақыланбайды, тікелей халық тарапынан да талап етіледі. Жұмысты оң жолға қою үшін Шәмшиев бар біліктілігін, тәжірибесін сарп етті. Стансаның материалдық-техникалық базасын күшейтуге күш салды. Әсіресе, мамандардың білімін көтеруді бірінші орынға қойды. Қалалық жедел жәрдем барлық аудандағы жедел жәрдем стансасының ұйымдастыру-әдістемелік орталығы болып қалыптасты. Шәмшиев басшылығымен дәрігерлер саны артты. Құры-

лымдағы барлық қызметкердің қатары 600-ден асып түсті. Дәрігерлердің санаттылық дәрежесі 87,5 пайызды, ал орта буын кадрлар 83,6 пайызды құрады. Станса 300 мыңға жуық қызылордалықтармен қатар Тасбөгет, Талдыарал, Абай, Қарауылтөбе, Қаракөл, Белкөл, Бірқазан секілді елдеуір қашықтықтағы елді мекен тұрғындарына да қалтқысыз қызмет етті.

Әлгінде бұл жұмысқа халық тарапынан да қатаң талап қойылатынын айттық. Кейде жәрдем шақырған жерге дәрігерлердің таксимен баратын да кездері болады. Себебі, арнайы машина жетіспейді, кейде жол үстінде бұзылып қалатындары да бар. Жәрдем шақырушылар жолды, қашықтықты, ескермейді. Біздің көшелерде жай көліктер жедел жәрдемнен басып озады, шет елде оларға жарылып жол береді. Бұл менталитет пе, «басы ауырмастың қасында балтырың сыздамасын» ба? Не болса да, уақытында шақыртуға жетіп бармасаң азаматтар бірден арызданады. Кейде бірінің үстіне бірі түскен қонқыраудан телефон көтеру мүмкін болмайды, қаламы барлар телефон алмасаң, фелетон жазалы.

Ал, шақырған жерге барса, әлгі ауру кісі «басымның сақинасы бар еді, бір уколдың салып кетсеіші» деп шай ішіп отырады.

Шәмшиев осы жағдайдың бәріне дәрігер көзқарасымен қарады, бастық болып жұмсақ орындықта отыра алмады. Ұжымның ортасында жүрді, жас мамандарға антына адал бол дегенді үйретті. Кез келген дәрігер көлік апатынан жол бойына шашылып түскен төрт-бес адамның қайсысына бірінші көмек жасау керектігін түріне қарап айыра алуы тиіс. Тамыр ұстай алмаса да қан тоқтатуды білуі керек.

«Дикан жауында тынады, балықшы дауылда тынады» дейтін мәтел бар. Шопандар өздері туралы осыған «қойшылар өлгенде тынады» деп қосып қояды. Шындығы – сол, мал дауылға да, жауынға да қарамай өріс қуып шарлай береді.

Дәрігердің жұмысы да осы қосалқы сөзге сыйды, бұл да – тыным таппайтын мамандық. Бүгін демалыс, әйтпесе түннің бір уағы болыпты, не болмаса жауын құйып тұр екен-ау, адамның мазасын алмайын дейтін ауру бар ма? Сондықтан дәрігер ешқашан дамыл таба алмайды.

Сағындық Шәмшиев осындай қарбалас өмірдің жарты ғасырын денсаулық сақтау саласына арнады, оның отыз жылын қалалық дәрігерлік жедел жәрдем стансасының бас дәрігері болып өткізді.

Биыл Сақыпжамал апа екеуінің бас қосқанына елу жеті жыл болыпты.

Зайыбы Сақыпжамал Абдоллақызы да – медицина қызметкері. Үйдің үлкені Гауһар – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор. Гүлназы – білікті экономист. Жалпы, Шәмшиевтер отбасынан бес дәрігер шыққан. Алмас, Жақсылық, Дархан есімді үйдің үш ұлы да денсаулық сақтау саласын тандапты.

Сағындық ағаның арғы аталары Кіші жүз Жаппастың атақты Мырқисын кім білмейді. Ол кісінің Меккеден Тәжіятта, яғни, қонақжай салған ісі ұрпақтан ұрпаққа ерлік пен елжандылық нышаны болып келе жатыр. «Тас қайпап там салғанның аты қалады, қылыш қайрап ұрыс салғанның басы қалады» деген сөз рас.

«Біз Мырқы бола алмадық, тек сол кісінің үстесіне айттып жүретін адам есебіндеміз», – деді Сағындық ағам әңгіме үстінде.

Бұл – ағамның қарапайымдылығы ғана. Жарты ғасырлық дәрігерлік жолда бес мыңнан астам науқасқа ота жасап, оларды сауықтырып қатарға қосқан ісі ерлік пен елжандылықтың әріден келе жатқан ізі емес пе? Бойында Мырқыдан бергі тектілік болмаса, мұндай ізгілік тудыра алар ма?

**Дүйсенбек АЯШҮЛЫ,
«Сыр бойы»**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛІХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 маусым №171 Қызылорда қаласы

«2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 130 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы № 130 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 661 437 666,2 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 58 765 293,3 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 9 538 826,6 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 331 000,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 592 802 546,3 мың теңге;
- 2) шығындар – 666 093 103,6 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 55 892 715,5 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 73 739 383,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 17 846 667,5 мың теңге;
- 4) қаржы активтерін операциялр бойынша сальдо – 1 077 110,6 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 1 077 110,6 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профицит) – –61 625 263,5 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаражатпен (профицитін пайдалану) – 61 625 263,5 мың теңге; қарыздар түсімі – 73 739 383,0 мың теңге;
- қарыздарды өтеу – 14 759 871,5 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 645 752,0 мың теңге»;

атайған шешімінің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М. Тлеумбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «13» маусымдағы № 171 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы «9» желтоқсандағы № 130 шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты		Сынабы		Сомасы, мың теңге		
		Ішкі сынабы	Атауы			
1	01	03	1. Кірістер	661 437 666,2		
			Салықтық түсімдер	58 765 293,3		
			Табыс салығы	33 988 178,3		
			Жеке табыс салығы	33 988 178,3		
			Әлеуметтік салық	23 000 098,0		
			Әлеуметтік салық	23 000 098,0		
			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 777 017,0		
			Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 527 017,0		
			Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	250 000,0		
			Салықтық емес түсімдер	9 538 826,6		
2	01	03	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 283 431,1		
			Мемлекеттік кәсіпорындардан таза кірісі бөлігінің түсімдері	94 168,1		
			Мемлекет меншігіндегі мүлікте жалға беруден түсетін кірістер	80 000,0		
			Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 109 263,0		
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 500,0		
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 500,0		
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санқиялар, өндіріп алулар	2 500 895,5		
			Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санқиялар, өндіріп алулар	2 500 895,5		
			Басқа да салықтық емес түсімдер	5 753 000,0		
			Басқа да салықтық емес түсімдер	5 753 000,0		
3	01	03	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	331 000,0		
			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікте сату	331 000,0		
			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікте сату	331 000,0		
			Трансферттердің түсімдері	592 802 546,3		
			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	21 059 600,3		
			Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	21 059 600,3		
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	571 742 946,0		
			Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	571 742 946,0		
			Функционалдык топ			
			Бюджеттік бағдарламалардың өкімшісі			
4	01	03	Бағдарлама			
			Атауы			
			2. Шығындар	666 093 103,6		
			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 715 523,1		
			Облыс мәслихатының аппараты	180 199,0		
			Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	180 199,0		
			Облыс өкімінің аппараты	4 113 849,7		
			Облыс өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 426 901,9		
			Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	122 868,0		
			Өкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	564 079,8		
5	01	03	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	364 608,0		
			Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	364 608,0		
			Облыстың діни істері басқармасы	492 034,6		
			Жергілікті деңгейде діни істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 495,0		
			Өңірде діни ахуалды зерделеп және талдау	201 266,6		
			Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	206 273,0		
			Облыстың тексеру комиссиясы	369 331,0		
			Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	369 331,0		
			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 893 682,0		
			Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	3 893 682,0		
6	01	03	Облыстың экономика және қаржы басқармасы	678 808,2		
			Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммунальдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	614 458,0		
			Жекешелендіру, коммунальдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 874,2		
			Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі қажаттамаы сарптау және бағалау	9 000,0		
			Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	51 476,0		
			Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	305 571,0		
			Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуы басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	294 741,0		
			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 830,0		
			Облыстың қоғамдық даму басқармасы	317 239,6		
			Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	2 437 792,4		
7	02	03	Қорғаныс	2 437 792,4		
			Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	1 745 718,4		
			Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	92 280,0		
			Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	76 576,0		
			Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық аумақтағы аумақтық қорғаныс	151 718,0		
			Облыстық аумақтағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	369 492,0		
			Облыстық аумақтағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	887 535,0		
			Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	168 117,4		
			Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы үкілетті органдардың аумақтық органы	687 129,0		
			Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	306 446,0		
8	04	03	Облыс аумақтағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	380 683,0		
			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 945,0		
			Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	4 945,0		
			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	16 263 825,0		
			Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	16 259 463,0		
			Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 115 969,0		
			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 143 494,0		
			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 362,0		
			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	4 362,0		
			Білім беру	337 615 497,3		
9	03	03	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 484 044,0		
			Қадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	144 904,0		
			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 176 672,0		
			Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	162 468,0		
			Облыстың білім басқармасы	298 956 606,1		
			Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	870 813,2		
			Арнаулы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 216 276,6		
			Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	385 793,8		
			Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізу	1 974 401,0		
			Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 791 472,0		

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ, ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Зымырап аққан жүлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай... Көктемгі ақ жауындай елге пайдасы тиген Досымжан ағамыздың да ортамыздан кеткеніне жылы таялып қалыпты.

Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тең көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Досымжан ағамызды өлімге кню да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қиынның қиыны екен...

Арамызда жүрген жақсы адам өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан өшпек емес. Оның артында ұстамы жақсы ұрпақ, қабырғаны қайыстырған қимастық пен Ала-таудай сағыныш қалады.

Бұрынғылар «Галайлар өтті-ау жалғаннан, көрген адам таңғалған» деп тамсанғанда азаматтықтың айнасындай дәл осындай Досымжан ағамыздай нар тұлғалы азаматты еске алған болар.

«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, Досымжан Сахұұлы Бержанов Сыр елінің тумасы Арал ауданының Құланды ауылында 1950 жылы дүниеге келген. Теңізде туып, теңізде өскен ағамыз Қазақ химия технология институтын бітіріп, Жамбыл облысындағы «Химпром» өндірістік бірлестігінде жетекші инженер-технолог, цех бастығы, бас инженері қызметтерін абыроймен атқарған.

Қаратау-Жамбыл аймақтық өндірістік кешенінде фосфор өндірісінің дамытушылардың бірегейі, оңтүстік өңірлердегі химия кластерінің негізін қалаушысы, ғылым мен өндірісті қатар алып жүріп, қазақ ғылымында өзіндік орны бар фосфор өндірісінің дамуына сүбелі үлес қосқан мықты технолог, профессор-ғалым, мықты ұйымдастырушы басшы, қоғам қайраткері болып еліне адал қызмет ете білді. Өзінің ізденіс жолында техника ғылымдарының докторы, профессор, академик атанды, 3 ғылыми монография, 40-тан астам мақалы мақала жазған, 15 авторлық куәлік пен патенттердің авторы атанған текті тұлға. Мәскеу қаласындағы Д. Менделеев атындағы химия-технология институтында кандидаттық және докторлық диссертацияларын абыроймен қорғаған.

Ағамыз қасиетті Әулие-Ата еліне жақсы танымал болып, абыройлы қызметін атқарып жүрсе де туған жеріне, туған еліне үнемі сағынышпен келіп, жақындарын аралап, өзінің ағайынмен тығыз байланысын үзбей жүрген бауырмал азамат еді. Елге келген кездерінде Сыр елінің азаматтарымен жақын араласып, ғылым мен білімнің ізденіс жолдарында жүрген ағаларымен рухани туыстық қарым-қатынас орната білді.

Сондай өзіне ағалық қамқорлығымен өзіне жақын тұтқан, Сыр елінен шыққан



ұлағатты ұстаз, тұңғыш философ, өңірдегі философия ғылымдарының алғашқы кандидаты, академик Матаев Мұстафа Матайұлымен еліміздегі ғылыми жобалардың дамуы, өңіріміздің жарқын болашағы, тағылымға толы ізденістер мен тарихи шежірелер жөнінде рухани байланыс, пікірлесу, сырлы сұхбаттар өрбіген екен. Абыз ақсақалға әрдайым үлкен ілтипатын, рухани сабақтастықтың көркем үлгісін көрсетіп жүрді.

Досымжан ағамыз «Жақсы адамның артында жақсы ісі мен сөзі қалады» деген сөз бар, Досымжан аға біздің әулетке өте жақын жан, әкеміздің бел баласындай көріп, алтыншы балам деп жанына жақын тартқан, Төле бидей болмаса да, төбе бидей баянды беделі бар, өнегесі өзгеше, шапағаты мол, ортамызда жүргенде әкемізге үлкен құрмет көрсеткен мықты азамат еді.

Естеліктерге тоқтала кетсек, әкеміз Мұстафа Матайұлы 2000 жылдан 2015 жылға дейін денсаулығына байланысты жыл сайын жаз мезгілінде Жамбыл облысындағы «Мерке» сауықтыру шипажайында екі айдай ем қабылдап, демалатын кездері болды. Сол кезеңдерде әкемізді күтіп алып, қызылордалық жерлердің бас қосуын ұйымдастырып, қызметін көрсетіп, ақсақалдың ақ батасын алған адал ұлы болды. Отбасымызбен араласып, сыйластық құрметке ие болып, жақындығымыз артып келген.

Адамға ерекше қасиет, телегей-теңіз дарын бергенде, Алла тағала оның кескің-келбетін, болмыс-бітімін, түр-тұлғасын, жүріс-тұрысын, кесімді сөзін, кесек ой-толғамдарын соған сай етіп береді екен. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген, тірісінде тірлігінен айнамай, отбасына үлгілі отағасы ғана емес, ағайын-туыстың бірлігін ойлап, үлкен істердің басында жүрген көшбасшы, ортамыздағы беткеушар азаматы, ақылшы ағайымызға айналған бауырымыз Досымжан ағамыз туралы айтылар сырлы сөздер таусылмайды.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деп бекер айтылмаған, осындай артында салмақты ой толғатар із қалдырған бауырымыздың жақсылықтары өшпейді, рухы біздің арамызда мәңгі жасай бермек. Артында қалған отбасына, бауырларына сабыр тілейміз. Ағамыздың пейіште нұры шалқысын, әрқашан артында қалған ұрпағыңызға шапағатшы болыңыз, Фердоуси жәннат мекеніңіз болсын! Бақұл болаңыз, Дос Аға!

Талғат МАТАЕВ, экономика ғылымдарының докторы

Жақсыбек Егізбайұлы

Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының профессоры Жақсыбек Егізбайұлы ақтық сапарға аттанды.



Жақсыбек Егізбайұлы 1942 жылы 20 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Байдібек ауданы Ақбастау ауылында дүниеге келді. 1967 жылы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтын бітіргеннен кейін «Шаян» ауданында мектепте дене тәрбиесі пәнінен сабақ беріп, 1970 жылы арнайы жолдамамен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында жаңадан ашылған Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры қызметіне тағайындалады. 1970-1980 жылдары спорт мектебінің директоры ретінде оқу-тәрбие жұмыстары мен үздік спортшылар дайындау ісінде республика бойынша 2-орын алады. Облыста семсерлесу спортының негізін қалаушы. Сол жылдары семсерлесу спортынан аудан спортшылары республикада үздіктер қатарынан көрінді. 1980-1988 жылдары Қызылорда қаласындағы Макаренко атындағы мектеп-интернатының директоры, Облыстық білім департаментінің инспекторы қызметтерін атқарды. 1988 жылы Н.Г.Оголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында ашылған «Дене шынықтыру және спорт» факультетіне бізметке тұрып, кафедра меңгерушісі, аға оқытушы, профессор лауазымдарын абыроймен атқарды.

Жақсыбек Егізбайұлы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі ұзақ жылғы ғылыми-педагогикалық қызметінде мыңдаған шәкірт дайындаған ұлағатты ұстаз. 1999 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым саласында да толағай табыстарға жетті. Шәкірттерінің арасынан Олимпиада, Әлем, Азия чемпиондары шықты.

Сонымен қатар, қоғамдық жұмыспен де айналысып, республикалық «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы ретінде ұлттық

тіл, діл, мәдениет, тарих, өнерге жанашырлық танытып, ұлтының нағыз патриоты болды.

1999-2003 жылдары Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты ретінде де қаланың қордаланған әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне ден қойып, оң шешілуіне атсалысты. Ол саналы ғұмырын спорт пен тәрбиені ұштастырып, жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу ісіне арнады. Қызылорда облысының Спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып, спорт ардагерлерінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту бағытында да елеулі жұмыстар атқарды.

Жақсыбек Егізбайұлының ұзақ жылдар бойы спорт, білім, ғылым саласындағы атқарған ерен еңбегі еленіп, ҚР құрметті спорт қайраткері, Дене тәрбиесі мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін, әл-Фараби

атындағы, Ы.Алтынсарин атындағы, Педагогика мейталманы төсбелгілерімен, А.Байтұрсынов атындағы орденмен марапатталды.

ҚР Журналистер одағының мүшесі ретінде 100-ден астам БАҚ беттерінде жастар тәрбиесі, халықтың әлеуметтік мәселесі, қала тазалығы тақырыптарында мақалалар жазды. 100-ге жуық ғылыми мақаланың, 7 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Өзінің «Шындық пен әділдіктің ақ семсері», «Ізгілікке ұмтылу», «Атадан қалған жалғыз ұл», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты ғұмырбаяндық кітаптарын шығарды. 2020 жылы Жаңақорған спорт мектебінің 50 жылдық мерейтойына арнап шығарған «Әлемге танылған Жаңақорған спорты» атты кітаптын редакциясын басқарды. Талай талантқа дәріс берген ұлағатты ұстаздың жарқын бейнесі жадымызда ұзақ сақталады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Жақсыбек Егізбайұлының отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ұжымы

ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕНДЕР ӨЗАРА ЖАРЫСТЫ

И.Ильин атындағы саябақта Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі мен «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» мекемесінің мамандары бірлесіп турнир ұйымдастырды.

Аталған шараға қалалық бөлім мамандары мен Қ.Мұнайпасұлы атындағы спорт клубының жаттықтырушылары, пробация қызметінің инспекторлары және орталық қызметкерлері қатысты.

Шарада пробация қызметі есебінде тұрған азаматтар қол күресі, гир тасын көтеру және ләңгі тебуден

өзара жарысып, мықтыны анықтады.

– Алдағы уақытта да мұндай спорттық және мәдени шаралар ұйымдастырылады. Мақсатымыз – пробация қызметінде есепте тұрғандарды түрлі іс-шараларға тарту. Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілетін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы, – деді «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» мекеме басшысының орынбасары Орынбасар Әділ.

Жарыс нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табысталды.

Зарина БИСЕКОВА, «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» КММ психологі



ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ, ЖОСАЛЫ КЕНТІ, ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ, ЖАЛАҒАШ КЕНТІНІҢ ТАБИҒИ ГАЗ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2025 жылдың 30 маусымындағы №43-02-08/415 хаты негізінде тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2025 жылдың 01 шілдесінен бастап 1000 м³ үшін төмендегіні құрайды:

ҚҚС есебініңіз

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгейі
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	19001,26
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19001,26
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19001,26
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19001,26
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	19001,26
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	19680,95
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	38556,26
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	9347,73
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	59976,26
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	59976,26

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алумен			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	25998,26
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	25998,26
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	25998,26
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	25998,26
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	25998,26
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	26677,95
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	45553,26
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	16821,21
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	66973,26
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	66973,26

ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК

СЫРДАРІЯ АУДАНЫ, ТЕРЕҢӨЗЕК КЕНТІНІҢ ТАБИҒИ ГАЗ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2025 жылдың 30 маусымындағы №43-02-08/415 хаты негізінде тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2025 жылдың 01 шілдесінен бастап 1000 м³ үшін төмендегіні құрайды:

ҚҚС есебініңіз

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгейі
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	19353,38
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19353,38
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19353,38
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19353,38
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	19353,38
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	20038,24
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	38908,38
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	9641,75
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	60328,38
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	60328,38

Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алумен			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	26498,38
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	26498,38
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	26498,38
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	26498,38
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	26498,38
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	27183,24
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	46053,38
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	17243,24
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	67473,38
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	67473,38

ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жеке кәсіпкер Кушербаева Сауле Токтасыновнаның (ЖСН 741112402434) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Қызылорда облысының Тілдерді оқыту орталығы» КММ-ның жетекші сарапшысы Мусаева Нұрсәуле Дүйсенбайқызына апасы, ардақты ұстаз, білім беру ісінің үздігі

Мусаева Сәрсенкүл Дүйсенбайқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы медицина саласының ардагері Тоғызбаев Асылбек Тоқырмаулының інісі Жақсыбек Тоқырмаулының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



Мінші

Шын мәніндегі бағасын білген жанды өмір ешқашан өзектен тепкен емес. Қандай қиын кезеңдерде де заманның ағымына бейімделе білген адам еткен еңбегінің жемісін міндетті түрде көреді. Еңбек ету туралы біздің қазақ қалай тауып айта берген, «қолың қимылдаса, аузың қимылдайды», «еңбек етсең емерсің», «еңбек бәрін де жеңбек» деп.

Әйтеке би кентінде туып-өскен Айнагүл Байтөреева кеңестік қоғамның ұлы дағдарысына тұспа-тұс келген 1986 жылы кенттегі №17 мектепті бітіргеннен кейін көп ойланған жоқ. Уақыт ағымын жылдам байыптап, Қызылорда қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеге құжат тапсырды. 1988 жылы аталған оқу орнынан қаладағы оқу-өндірістік тәжірибесінен өте жүріп, «Әйелдердің жеңіл киімі және балалар киімі» мамандығын алып шықты. 1988 жылы Қазалы қаласындағы «Райбыткомбинат» атанған аудандық тұрмыстық комбинаттың Әйтеке би кентіндегі «Шұғыла» бөлімшесінде тігінші болып жұмыс істеп, тәжірибе жинақтады. Осы мамандықтың өзінің өмірлік бағдары ететініне көзін жеткізіп, ойын тиянақтағаннан кейін тігіншіліктің қыр-сырын одан әрі меңгеру мақсатында 1990 жылы Алматы қаласындағы жеңіл өнеркәсіп технологиялық техникумына оқуға қабылданып, 1992 жылы «Әйелдердің жеңіл киімін және балалар киімін пішу және тігу» мамандығы бойынша бітіріп шықты.



– 1992 жылдан 1998 жылға дейін, яғни жабылғанша «Райбыткомбинаттың» «Шұғыла» бөлімшесінде тігіншілік жұмысымды жалғастырдым, – дейді Айнагүл Байтөреева еңбекпен есейген жылдарын есіне алып, – содан бергі жиырма жыл ішінде сүйікті кәсібімнен қол үзгенім жоқ. Жаксы көретін кәсібі адамды ешқашан жалықтырмайды екен, тігіншіліктің алуан түрін талғамай үйден тапсырыс қабылдадым. Ал 2018 жылдан бастап әріптес тігінші сіңілерім Индира Исмагулова, Зейнеш Абдраманова үшеуіміз өз күшімізбен шеберхана ашып, білімге негізделген кәсіби маман ретінде тігіншілікпен айналысып жатырмыз. Тапсырыс берушілер күнделікті келіп тұрады. Матаның алуан түрімен жұмыс істеу, киімнің кез келген түрін сөгіп, тапсырыс берушінің қалауына сәйкес қайта тігіп беру, мектеп формаларының бастауыштан жоғары сыныпқа дейінгі үлкенді-кішілі түрлері, мектеп бітіру кешіне сәнді киімдер тігу, той көйлектері мен қазақы киімдерге деген сұранысты шамамыз келгенше қанағаттандырып отырамыз. Бір жағы ризық-несібіміз, сосын сүйікті кәсібіміз болған соң, шаршап-шалдығуға уақыт жоқ.

Айнагүлдің жолдасы Мұрат І топ мүгедегі. Тұрмыстағы үлкен қызы Жаксыгүл дәрігер-гинеколог болып еңбек етсе, кішісі Айша мектеп бітіріп жатыр.

Араға сынақты жылдар салса да, өз кәсібін жетік менгерген қарапайым жұмысшы маманның еңбек етуге қабілеті талай замандастарына да, жастарға да үлгі болары даусыз.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

Газетіміздің келесі саны
9 шілде, сәрсенбі күні шығады.

ШАБЫТ ШЫҢДАЙТЫН ШЕБЕРХАНА

Қаладағы қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы – балалардың дарынын ашып, шабытын шыңдайды. Жас жеткіншектер түрлі үйірмелерге қатысып, қызығушылығын айқындап, ғылыммен айналысып, зерттеу жүргізіп, шығармашылықпен шұғылдануға мүмкіндіктер қарастырылған. Балалардың бойындағы талантын шыңдап, білім, ғылым, өнерге баулиды. Жетістікке жетуге жол ашады. Оқушылардың жан-жақты кәсіби бағдар алуына, өнердің барлық саласын меңгеруіне жағдай жасайды.

Орталық директоры Қайрат Жәлімбетовтің айтуынша, осы күнге дейін қаншама бала өзі қалайтын мамандығына бағыт-бағдар алған. Заман талабына сай техникалық мамандықтарға баулу үшін ақпараттық технология бағытындағы үйірме жұмыстары жолға қойылған.

Орталықта көркем-шығармашылық, бейіндік оқыту, туристік-қолданбалы, IT iMAQORDA балалар технопаркі, «Негеш» дамыту аймағы бағыты бойынша 2143 оқушы қамтылған. Мектепалды даярлық топтарына 5-6 жаспан қабылдана, қосымшаға 8-16 жас аралығындағы балалар қамтылады. Жалпы үйірмелер саны – 62. Мұнда 26 оқу кабинеті, кіші хореография залы, 250 орындық акт залы, әдістемелік кабинет, костюмер кабинеті, архив, шеберхана бар. Материалдық-техникалық базасы да заман талабына сай жаңартылған.

Іргетасы 1974 жылы қаланған ғимараттың тарихы терең. Осы кезге дейін бірнеше құрылымдық өзгеріске ұшырағанымен бастапқы бағыты қосымша білім беру және тәрбиелеу болып қалды. Мекеменің облыстық білім басқармасы Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» болғанына да бес жыл толды.

Бүгінгі күні онда 79 педагог қызмет атқарады. Оның ішінде жоғары санатты, зерттеуші, сарапшы, модератор және ғылыми-академиялық дәрежесі бар мамандар. Атап айтар болсақ, магистр, Ph доктор, арбитр ФИДЕ, тоғызқұмалақтан КР



еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ұлттық спорт төрешісі, КР еңбек сіңірген туризм нұсқаушысы, облыстық білім беру саласының үздігі, мәдениет саласының үздігі сынды. Мүғалімдер біліктілігін арттыру үшін жыл сайын семинар-тренингке, конференцияларға тұрақты қатысып, білімін жетілдіріп отырады.

Авторлық бағдарламалар бойынша «Робототехника», «Өлке-тану», «Сықырлы жіптер», «Әсем моншақтар», «Өсімдіктер әлемі», «Асыл мұра», «Көшбасшы», «Музыка әлемі», «3D бейнелеу өнері», «Дәстүрлі ән-терме», «Vlog Kadr», МАД тобына арналған «Логика» вариативті пәні, «Балалардың жасанды интеллект заманындағы медиа-сауаттылығы», «Абай шығармашылығын оқытудың педагогикалық идеялары» сынды үйірмелері бар. Сонымен қатар ірі үш жоба қарастырылған. Олар – «Құрдастар» тележобасы, «Жазғы TIMES» жазғы мектеп пен «Bala orda» бағдарламасы. Бүгінде түрлі бағыт бойынша оқушылардың жеткен жетістігі де аз

емес. Халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардан топ жарып жүрген дарынды балалар орталықтың мақтанышына айналған. Атап айтар болсақ, өткен жылы «Робототехника» үйірмесінің командасы халықаралық сайыстың аймақтық кезеңінде Орта Азия чемпионатына жолдама жеңіп алды. Абай, Мұқағали, Мағжан, Ілияс оқуларында оқушылар алдыңғы орыннан көрінді. Би, ән, колөнер, домбыра, гитара үйірмесінің балалары да республикалық байқауларда топ жарды. Балалар шығармашылығына арналған түрлі конкурстарға қатысып, олжалы оралды.

Быттыр мекемеде түрлі іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мәселен, «Жарқын болашақ балалар қолында» атты тақырыпта ашық есік күні, 7-8 сынып оқушылар арасында «Зерде» логика және математика пәндері бойынша интеллектуалды олимпиадасы, «Тарих маусымы» интеллектуалды сайысы, облыстық тарихи өлке-тану музейінде «Ел тарихы

– ел мұраты» атты музей сағаты өтті. Сондай-ақ үйірме оқушылары арасында «Алдымда мың сан тарау, мың сан таңдау» атты профориентациялық тренингтер өткізілді. Тренингте орталықтағы 10-11 сынып оқушылары, яғни ҰБТ-ға дайындық курсының «Математика», «География» және «Химия» үйірмелерінің шәкірттері қатысты. Бұдан бөлек, тоғызқұмалақтан қалалық турнир, өнер адамдарымен кездесулер, байқаулар өтті.

Орталықта балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында «Жазғы TIMES-2025» лагері ұйымдастырылып, 200 баланы қамтыды. Екі ауысым бойынша жұмыс істейді. Лагерьде балалардың қауіпсіздігі басты назарда. Онда 13 тәжірибелі педагог қызмет атқарады. Балаларды жан-жақты қолдап, жайлылық сыйлайды. Шығармашылық ізденісін арттырып, пайдалы дүниемен шұғылдануға атсалысады. Педагог мамандар түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізіп, балаларға жеке-жеке көңіл бөледі.

Шығармашылық үйірмелер балалардың қызығушылығын тудырды. Креативті бұйымдар жасау кезінде қағаз, фетр, табиғи материалдарды пайдаланды. Әр бала өзін дизайнер сезінді. Сурет үйірмесінде әртүрлі техникамен сурет салу, көркем жұмыстар қамтылды. Спорт және туризм бағытында таза ауада ойындар мен сабақтар өткізілді. Лего құрастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, логикалық ойлау, ұсақ моториканы және техникалық сауаттылықты арттырды. Оригамиде түрлі қағаздардан бұйым жасады. Журналистика негіздерімен танысу кезінде, дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын сауатты, айқын білдіруді көздеді. Сондай-ақ лагерьде спорттық іс-шаралар, көңілді мерекелік кештер мен сайыстар, интеллектуалды ойындар тұрақты өткізіліп, балалар белсенді қатысты. Онда оқушылар үшін барлық жағдай жасалған.

Жалпы қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының жұмысы жылдан жылға жанданып келеді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ТЕҢІЗ ҮСТІНДЕГІ ТОЙ

Арал ауданында бұдан 56 жыл бұрын үйлену тойын теңіз үстінде жасаған жұбайлар тұрып жатыр.

Тамыры Аралдан бір сәтке де ажырамаған Шұдабай Ілиясов пен Әзиза Аманованың тойы тарихта таспаланып қалды. Мұның себебін Шұдабай ақсақал тарқатып айтып берді.

– Екеуіміз аудандық мәдениет үйінің жолдамасымен 1967 жылы автоклубқа киномеханик болып келгенбіз. Таныстығымыз осы жерде басталды. Екі-үш жыл бір-бірімізді танып-біліп, арамызда махаббат сезімі ояңғасын шешеміздің батасын алып, үйленуді ұйғардық. 1969 жылы 10 шілде – Балықшылар күнінде шаңырақ көтердік. Ергеніме аудандық партия, атқару комитеттерінің басшылары бізді іздеп жатқанын естідік. Сөйтсек режиссер Ораз Әбішев теңіз балықшылардың өмірі мен ерлігіне арнап «Бір хаттың ізімен» атты деректі фильм түсірмекші екен. Соған енді отау құратын жастарды іздей келе таңдау бізге түсіпті. Бірақ екеуіміздің тойымыз кеше өтіп кеткен. Содан екінші рет сол фильм үшін қайтадан жар-жар айтып, беташар жасауға тура келді, – деді Шұдабай Ілиясов.



ӘН ТУРАЛЫ ҚЫСҚА ӘҢГІМЕ

Иә, ән – көңілдің ажары да, бойды сергітер базары да, есте қалатын естісі де, есті кетіретін есері де бар екені баршаға аян. Әсем әуен еңбектеген баладан бастап еңкейген қартқа дейін жанына жағымды да жаксы әсер ететіні жасырын емес.

– Өмір – өзен,
Ұқас Сыр мен Жайыққа,
Жастар мінген Шәмші айтқан «Қайыққа».
Жан сырларын жайып салып жасырмай,
Талай тағдыр тоғысты сол «Қайықта...».

Сол жұпардың жасы бүгін сексенде,
Жетті солар сыйласумен сексенге.

Шынайы сезім сейілмек емес санадан,
Шын махаббат жоқ дегенге бек сенбе!

Шынайы, пәк, шын махаббат – санадағы сезімнің ең биік шыңы. Бойдағы нәзік сол сезімге өнердің де тікелей әсері бар. Сонау 1960-1980 жылдар аралығындағы ақындардың жазған өлеңдері табиғаттың тамаша әсем көріністерімен астасып жататын. Сол кездегі ақындардың жазған өлеңдерінде «сүйдім, құйдім, келсең кел, келмесең қой, мен де сені сүймеймін» деген сияқты шыдамсыздық сезімдегі сылдыр бос іркес-тіркестер тіпті болмайтын. Ән әлемінде айқай-шу, тарсыл-тұрсыл, құйқа тамырды шы-

мырлатып жіберетін шыңғыру мүлде болмайтын да естілмейтін. Әннің әсем ырғағы адам жанына керемет әсер беретін еді-ау. Мысалы «Қайықта», «Арыс жағасында», «Ақмаңдайлым», «Алтыным», «Сыр сұлуы», «Әлі есімде» сияқты тағы басқа көптеген өлеңдердің сөзіне жазылған әндердің өзі де, сөзі де адамды еріксіз баурап алатын....

«Қазір заман басқа, адам басқа, талғам мен талап басқа. Эстрада, тағы басқа...» дерсіз. Дұрыс-ақ делік. Дегенмен, ұлттамыздың өзіндік өнегелі өсиет сөзі мен ұяндау нәзік үні бар емес пе еді?! Оны да естен шығармаған жөн-ау. Әйтпесе, басқаға еліктеп ереміз деп...

Қазыбек ӘШРБЕКҰЛЫ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.